

2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. М ы н а л а р д ы ң :
402 , 403 , 404-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

402-ҚОСЫМША

502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 9 135 388 мың теңге (тоғыз миллиард бір жүз отыз бес миллион үш жүз сексен сегіз мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 529 , 534 , 537 - 541-баптары ; "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдесіндегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы ; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар

қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : заңды бұзушылықты, осындай бұзушылықтарға кеп соқтыратын себептер мен жағдайларды ең жоғары шамада анықтау және жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : адам және азаматтың, заңды тұлға мен мемлекеттің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды заң бұзушылықты анықтау және жою. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына жүктелген заңдардың қолданылуын қадағалау жөніндегі функциялардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғау мақсатында қылмыстық қудалау саласында алынған халықаралық міндеттемелерді жедел орындау және қамтамасыз ету. Шетелде ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын экстрадициялау саласында халықаралық ынтымақтастық деңгейін арттыру . Бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды ақпараттармен тиімді қамтамасыз ету. Өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p /с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалау жүзеге асыру			
2		001	Орталық органның аппараты	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимиті шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз	Жыл бойы	

е т у .

Арнайы экстрадициялық топтарды бағыттау және экстрадициялау мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету. Қазақстан

Республикасында заңдар мен заңға тәуелді актілердің қолданылуын қадағалауды іске асыру

Қазақстан

						Республикасының Бас прокуратурасы
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық бөлімшелеріне жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимиті шегінде ұстау. Арнайы экстрадициялық топтарды бағыттау және экстрадициялау мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында заңдар мен заңға тәуелді актілердің қолданылуын қадағалауды іске асыру	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның аумақтық бөлімшелері
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Алты тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға байланысты қызметтерді сатып алу: - мемлекеттік сатып алу; - бюджеттік бағдарламалау және бюджеттік саясат; - құқықтық және заң шығармашылық; - адамдық ресурстарын басқару; - салық әкімшілігі; - аппараттық жүйелер. Мемлекеттік тілді үйрету	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
5		008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	Прокуратура аумақтық органдарын күрделі жөндеуден өткізу бойынша қызметтерді сатып алу: Атырау облысының төрт аумақтық бөлімшелеріне және Қостанай облысының үш аумақтық бөлімшелеріне, Ақтау гарнизонының Бас әскери прокуратурасына, Орталық аймақтық көлік прокуратурасына, Қызылорда облысының Қазалы аудандық прокуратурасына, Павлодар облысының құқықтық санақ және арнайы есеп жүргізу Комитетінің Басқармасына және Шығыс Қазақстан облысына. Жоба-жобақаржы	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның

				құжаттамаларын жасау және мемлекеттік сараптама жасау бойынша басқа да қызметтерді сатып алу		аумақтық бөлімшелері
6		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Шифрленген мәліметтер жүйесінің жинақтаушылары, құжаттар үшін шкафтар, киім ілгіш шкафтары, орындықтар, сейфтер, шредерлер, диктофондар, жұмыс үстелдері, креслолар, мобильдік тумбалар, шифрленген мәліметтер жүйелері, көшіру аппараттары, турникет, табиғатты қорғау прокуратурасы үшін катер, бинокльдер, кіші-АТС, офис жиһаздарының жинақтамасы, сандық баспа машиналары, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органдары үшін автокөлік сатып алу. Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында әскери прокуратураны орналастыру үшін қызметтік ғимаратты сатып алу және Қарағанды облысы Приозерск қаласының әскери прокуратурасының әскери қызметкерлері үшін қызметтік тұрғын-үйді сатып алу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның аумақтық бөлімшелері
7		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Ақпараттық жүйелерді техникалық, технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету: - "Жалпы бірыңғайлау санақ жүйесі", "Азаматтардың жолдауларын жалпы есепке алу", "Арнайы есепке алу", "Ақпараттық қызмет көрсету"; - "Лука бюджеті"; - "Ақпараттарды жою кепілдік бағдарламасы", "Вирусқа қарсы бағдарлама"; - "Fine reader 7.0." нышандарын анықтау бағдарламасы.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның

				Корпоративтік желіні құру. Интернет жүйесіне кіру қызметтері		аумақтық бөлімшелері
8		201	1997-1998 жылдардағы әскери қызметшілерге үстемақы төлеу	1997-1998 жылдарға арналған сыйақы төлемдері бойынша әскери қызметкерлердің қарыздарын жабу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Бас әскери прокуратурасы
9		100	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аппараты	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аппаратын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимит шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Жедел және ведомствалық есептерді қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау және бақылау қызметін қамтамасыз ету. Құқықтық статистикалық ақпараттарды жинақтау, жүргізу және өңдеу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
10		101	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аумақтық органдарының аппараттары	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдарының аппаратын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимит шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Жедел және ведомствалық есептерді қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және

			есепке алу саласында есепке алу, статистикалық ақпараттық, талдау және бақылау қызметін қамтамасыз ету. Құқықтық статистикалық ақпараттарды жинақтау, жүргізу және өңдеу	арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
--	--	--	--	--------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

- прокурордың қатысуымен істерді қарау;
- жалпы саны 5131 бірлік Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратының және оның аумақтық бөлімшелерінің, жалпы саны 771 бірлік құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің орталық аппаратының толық көлемде міндеттерін атқаруы;
- 1198 адамның кәсіби деңгейін арттыру;
- 1947 адамға мемлекеттік тілді үйрету;
- аумақтық прокуратура органдары 16 бірлік автокөлік және 6 бірлік кіші-АТС, табиғатты қорғау прокуратурасы үшін 1 бірлік катер, Қарағанды облысы Приозерск қаласының әскери прокуратурасының әскери қызметкерлері үшін 7 бірлік тұрғын-үй, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында әскери прокуратураны орналастыру үшін 1 бірлік қызметтік ғимаратты сатып алу;
- прокуратура органдары аумақтық бөлімшелерінің 13 ғимаратында күрделі жөндеу жұмысын жүргізу.

Түпкі нәтиже :

- 100 пайыз материалдық-техникамен жарақтандырумен, Қазақстан Республикасы Бас әскери прокуратурасының аумақтық бөлімшелерінің әскери қызметкерлерін тұрғын-үймен қамтамасыз ету;
- заңдылықтарды қолдану және шектелмеген адамдар шеңберінде Конституциялық құқықтарды қорғау бойынша қадағалау іс-шараларын өткізу;
- шетелде ұсталған адамдарға экстрадициялауды іске асыру;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласы бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын анықтау және жоюға бағытталған кешендік бақылау шараларын өткізу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже :

- орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығын 1694 мың теңге ;
- аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығын 916 мың теңге ;
- штаттан тыс бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығын 276 мың теңге ;
- бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын 13 мың

т е ң ғ е ;

- бір мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілге үйретудің орташа шығыны 24 мың т е ң ғ е .

У а қ т ы л ы ғ ы :

- белгіленген мерзімге сәйкес іс-шараларды уақытылы орындау.

С а п а с ы :

- адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда заң бұзушылықты анықтау және жою;

- белгіленген мерзімде сотталғандығы/сотталмағандығы туралы анықтаманы ұсыну және азаматтар өтініштерінің болмауы;

- мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде елдегі құқықтық тәртіп заңдылығының жағдайы туралы ақпараттармен нақты және тиімді қамтамасыз ету;

- қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру; мемлекеттік тілді оқыту курсынан өткеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс жүргізуге ауысқан мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 9 пайыз; біліктілігін арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 4 пайыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

403-ҚОСЫМША

502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс - қимыл"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 2188 мың теңге (екі миллион бір жүз сексен сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 Жарлығы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу

бойынша қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары, прокуратура, құқықтық статистика және арнайы есепке алу және өзге де мемлекеттік органдарды қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті қорғау міндеттерін шешу үшін жедел-анықтамалық , іздестіру, криминалдық және өзге есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл	Қазақстан Республикасы үлес қаражаты бойынша Ресей Федерациясы ішкі істер министрлігі Бас ақпарат орталығының Мемлекетаралық ақпарат банкісінің ағымдағы төлемдерін төлеу	Қантар-желтоқсан	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы , Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

- тұрақты негізде жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу .

Т ү п к і н ә т и ж е :

- тергеумен аяқталған немесе жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу нәтижесінде қылмыстардың ашылуын арттыру.

Қ ар ж ы - э ко но ми ка лы қ н ә т и ж е :

- жедел-анықтамалық, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу шегінде мемлекетаралық ақпараттық банктің мәліметтерін тікелей пайдаланумен жедел-іздестіру қызметтеріне арналған шығындарды азайту (о ң т а й л а н д ы р у) .

У а қ т ы л ы ғ ы :

- мемлекетаралық ақпараттық банктің мәліметтерін ұстау үшін уақытылы төлемдерді төлеу .

С а п а с ы :

- жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу нәтижесінде алынған ақпараттардың

уақыттылығы және дәлділігімен қанағаттандырылған мемлекеттік органдардың - 100 пайызы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

404-ҚОСЫМША

502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы

есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру"

деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 626405 мың теңге (алты жүз жиырма алты миллион төрт жүз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы 7-бабы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 жарлығы 3-тармағының 2 тармақшасы; "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1374 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : құқықтық статистика және арнайы есепке алу жүйесін жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :
- автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер базасын одан әрі жетілдіру;
- дүние жүзілік ақпараттық ортаға Қазақстандық мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін біріктіру, құқықтық статистикалық мәліметтерді тарату мен жариялық жүйесін жетілдіру;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кадрларды даярлау мен кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру мен құруы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	
-------	-----------------	----------------------	--	--	--------------------	--

						Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру	<p>Қолданушыларды мен әкімшілерді "Арнайы есептер" ақпараттық жүйесіне үйрету, оны енгізу және дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - одан әрі оңтайландыруды талап ететін модульдерді анықтау, қосымша функционалдық тізімдерін анықтау; - функционалдықтағы ұлғайту үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; - тестілеу мен ескертпелерді түзеу ; - о қ ы т у ; - енгізу және тарамалдау. <p>Қолданушыларды мен әкімшілерді "Азаматтардың өтініштерін бірыңғай есепке алу" ақпараттық жүйесіне үйрету, оны енгізу және дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - одан әрі оңтайландыруды талап ететін модульдерді анықтау, қосымша функционалдық тізімдерін анықтау; - мәліметтер моделін құру; - жүйе модулінің дизайні және оны әзірлеу ; - жобалық құжаттаманы әзірлеу; - тестілеу мен ескертпелерді түзеу ; - о қ ы т у ; - енгізу және тарамалдау. <p>Қолданушыларды мен әкімшілерді "Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" ақпараттық жүйесіне үйрету, оны енгізу және дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - одан әрі оңтайландыруды талап ететін модульдерді анықтау, қосымша функционалдық тізімдерін анықтау; - жүйе модулінің дизайні және оны әзірлеу ; - жобалық құжаттаманы әзірлеу; - тестілеу мен ескертпелерді түзеу ; - о қ ы т у ; - енгізу және таралымдау. <p>Қолданушыларды мен әкімшілерді "</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы , Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның

			<p>Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесіне үйрету, оны енгізуді әзірлеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - техникалық құралдармен қамтамасыз ету; - жоба басындағы зерттеу; - техникалық жобаны әзірлеу; - АТАЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; - жүйені тестілеу, қажетті түзеулер табу және түзеулерді енгізу, жүйені дамыту; - о қ ы т у ; - енгізу және таралымдау. <p>Лицензиялық бағдарламалық қажетті қолдануларды иелену.</p>	аумақтық бөлімшелері
--	--	--	--	----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : - статистикалық және талдау ақпараттарымен өз уақытылы қамтамасыз етілген мемлекеттік органдар мен өзге де құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері; - әкімшілік құқық бұзушылық үшін айыппұлдарды өздігімен өтеуден жыл сайын 52 млн. теңгеге өсуі күтілуде, прокурорлық қадағалау актілері бойынша залалды өтеуден 396 млн. теңгеге ұлғайту, мемлекеттік бажды төлеу табысының 86 млн. теңгеге ұлғаюы , ақпараттарды жинақтау, өңдеу және талдау әрекетінің автоматтандырылу арқылы әкімшілік құқық бұзушылықтар айыппұлының 115 млн. теңгеге ұлғаюы; - сәйкестендіру принциптері бойынша мәйіттерді тану және жеке тұлғаларды анықтауға қатысты көрсеткіштердің 30 пайызға жоғарылауы.